

## ТЕРРОРИЗМНІҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ ОНЫМЕН КҮРЕС ШАРАЛАРЫ

Утенова А.А.

*В данной статье рассматривается уголовно - правовая характеристика терроризма, как наиболее опасного преступления против общественной безопасности.*

*This article is about criminal law characteristics of terrorism as the most dangerous crime against social safety.*

Соңғы уақыттарда әлемнің түрлі елдерінде болып жатқан жан түршігерлік сан-қилы оқиғалар көп мемлекеттер үшін терроризмнің аса күрделі проблемаға айналып отырғандығын көрсетсе керек. Замана дерті саналатын осынау қоғамдық қауіпті көріністің кең етек алып, өрттей қаулап бара жатқаны мемлекетаралық және ішкі саяси, әлеуметтік - экономикалық, тарихи, ұлттық, діни, тағы басқа факторлардың үлкен қайшылықтарға ұрынуымен түсіндірілмек.

Осынау жағдайды ескере отырып, соңғы кездері әлемдік қауымдастықтар терроризмге қарсы күрес шараларын белсенді түрде ұйымдастырып жүзеге асыруда.

Қазақстан тәуелсіздік алғалы бері терроризмге тікелей душар болмағанын атап өткеніміз жөн. Бұл сөз жоқ, республика басшылығының реформа барысындағы салауатты саясатының жемісі болса керек. Алайда, егеменді Қазақстанның әлемдік қауымдастық елдер қатарына енуімен қатар террористік топтардың оған деген қызығушылығының пайда бола бастағаны да жасырын емес. Сонымен қатар дипломатиялық, коммерциялық, ғылыми-техникалық және гуманитарлық байланыстар да күн санап артып келеді. Көптеген мемлекеттер Қазақстанда өздерінің дипломатиялық, сауда, тағы басқа өкілеттерін ашуда. Олардың арасында террористік және экстремистік әрекеттерге ұшыраған ұйымдар да, азаматтар да бар (АҚШ, Израиль, Иран т.б.).

Ресей, Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан елдеріндегі қанды оқиғалар экстремистік топтардың өз мұраттарына жету үшін ештеңеден тайынбайтындығын тағы да дәлелдеп бергендей. Демек, тап осындай ахуал кез келген уақытта біздің елімізде де орын алуы мүмкін.

XX ғасырдағы терроризм адамзат тарихында алғаш рет геосаяси, ішкісаяси, ұлттық және идеологиялық мүдделерді қорғау мен оны ілгері бастыруда күшті қарулардың біріне айналып отыр.

Терроризм - қазіргі заманда әр түрлі нысанда кеңінен таралған, алдын ала болжануы қиын аса қауіпті құбылыс. Сондықтан терроризмді құбылыс ретінде зерттеу өте қиын. Ең алдымен, бұл терроризм ұғымының жан-жақты қабылданған ортақ түсінігі болмағандығымен тікелей байланысты. Терроризмде сірә, барлығына келеңсіздік туғызатын жалғыз аспект бар, ол – күш көрсету. Тіпті террордың идеологтары мен орындаушыларының өздері террордың күш көрсету екендігімен келіседі. Бүкіл әлемдік адамзат

тарихында адамдар күш көрсетуді жиі пайдаланды және қазір де одан бас тартып отырған жоқ. Сонымен, "күш көрсету" дегеніміз қоғамдық қатынастардың жаңа формасы да, өзіндік ерекшелігі бар "жаңа әлемдік тәртіптің" де, қазіргі заманғы мәселелерді шешудің де ерекше түрі емес. Күш көрсетуге сүйенетін террор негізінде ешқандай жаңалық әкелмейді. Оның террор ішіндегі басқа элементтерден өзгешелігі, террордың күш көрсетуді мақсатқа жетудің жалғыз жолы ретінде таңдап алуы болып табылады.

Терроризмнің ең қысқа және айқын анықтамасының бірі: "терроризм дегеніміз саяси мақсаттағы дәлелді күш көрсету" -дей отырып, күш көрсету терроризмдегі басты орындардың біріне қойылады. [1, 76]. XIX ғ өзінде - ақ террор идеологтары (Бланки, Мост, Гейнцен, Бакунин) күш көрсетуді адамзаттың неғұрлым әділетті әлеуметтік құрылымға "жылжуының" қажетті нысаны- деп саналады. Сонымен, жер бетінде неліктен әділеттілік орнату ісінде күш көрсетудің айтарлықтай маңызы бар деген пікір орын алып келеді. Дегенмен, бұл идеяның түп тамыры тереңде жатқан болуы керек. Сондықтан бар мәселе заңды қоғамның да, терроризмнің де әділеттілікті қалай түсінуінде жатқан сияқты. Егер жалғыз адам немесе адамдар тобы қоғамды өзгертуге бағытталған белсенді әрекеттерін әділетті деуге құқықты болса, онда олардың пікірі бойынша жүзеге асырылатын террор өзін-өзі ақтайды. Бұл терроризмнің аса маңызды шегі болып табылады.

Соғыс саясаттың жалғасы болып табылса, сондай-ақ террор да қоғамды экстремалды, бірақ заңды құралдар арқылы, қайта құрудың формасы болып табылады.

Қазіргі кездегі терроризмнің негізгі қозғаушы күші осы заманның әралуан шешілмеген мәселелері болып табылады. Әр түрлі елдердің дамуы арасындағы айырмашылық, дамушы елдердің дамыған елдерге қарағанда тұрмыс жағдайларының нашарлығы, кедейлік, жұмыссыздық, сыбайлас жемқорлық, сауатсыздық, дамушы елдердің жоғарғы билік өкілдерінің кез-келген жолмен билікті сақтап қалуға ұмтылуы - осының барлығы ақырында терроризмнің туындауы үшін қолайлы жағдай жасайды. Бұл туралы "Орталық Еуразия" жобасының директоры Э.Рихтер "терроризм теңсіздік, әділетсіздік пен қуғындау орын алған жабық қоғамдарда өркендейді" деп көрсетеді. [2, 14 б] Алайда, терроризмді әлеуметтік-экономикалық факторлармен ақтауға болмайды.

"Көбінесе террористер экономикалық сәтсіздіктерге, саяси қуғын мен әлеуметтік теңсіздікке өздерінің қанды акцияларын ақтайтын жағдай ретінде оларға сілтеме жасайды. Әрине бұл жағдайлар барлығына белгілі. Алайда олар бейбіт адамдарға қатысты жасалатын тікелей және психологиялық күш көрсету актілерін ақтай алмайды".[3, 42 б].

Әлемнің түрлі елдеріндегі террористік әрекеттерге жасалған талдау оның көп түрлі және көп қырлы құбылыс екендігін дәлелдейді. Халықаралық құқықта да, терроризм ұғымының нақты және ортақ анықтамасының болмауы да осыған байланысты. Сондықтан терроризмнің мәнін түсіну үшін оған түсініктемелік жұмыс жүргізейік. Терроризм ұғымы "террор", "террористік акт" түсініктерімен тығыз байланысты. "Террор"- (terror)- латын

тілінен аударғанда, "қорқыныш, үрей" деген мағынаны білдіреді. Құқықтық ортада "терроризм" ұғымының кеңінен таралған немесе дәлме - дәл анықтамасы жоқ. Сондықтан бұл ұғымды түсіну үшін анықтамалық әдебиетке жүгінейік. Мысалы, С.И.Ожеговтың орыс тілі сөздігінде: "террор- саяси қарсыластарды күш жұмсау арқылы жою, тіпті өлімге бұйыруға дейін бару" деп көрсете отырып, "террорлауды - террормен, күш көрсетумен қорқыту", "террорист" -жеке террорлық актіге қатысушы немесе қолдаушы " деп анықтайды. [4, 691 б].

Бұл жерде терроризм жеке түрде көрсетіліп отыр, бірақ террор бұқаралық сипатта да болады. Сондықтан бұл анықтама терроризмге тұтастай түсінік бере алмайды. Бұл жағдайда біз тағы бір - шетел сөздерінің сөздігін алып қарастырамыз. Онда: "террор- күш көрсету шаралары арқылы саяси қарсыластарды басу, қорқыту саясаты" - делінген. Бұл жердегі "қарсыластарды" деген сөз террордың бұқаралық сипат алғанын көрсетеді. [5, 505 б].

Ал, террор туралы анықтаманы "әскери энциклопедиялық сөздікте" өте қатаң түрде келтіреді. Онда былай делінген: "террор-саяси немес таптық қарсыластарды күш көрсетудің барлық құралдарымен қорқыту тіпті адамдарды жоюға дейінгі әрекетке бару". [6, 736 б]. Бірақ мұның барлығы локальды түрде көрінеді, себебі саяси қарсыластар барлық уақытта белгілі бір шеңберде өмір сүреді. Мысалы, мемлекеттік, биліктік, парламенттік ресми құрылымдар мен институттік шеңберлерде. Сондықтан ХХ ғ. соңы мен ХХІ ғ. басындағы бұқаралық сипат алып отырған террорға бұл анықтама әлі де болса сәйкес келмейді.

Кеңестер Одағы ыдырағаннан кейін Орталық Азия аймағында пайда болған жаңа тәуелсіз мемлекеттер тек әлеуметтік-экономикалық ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-мәдени және идеологиялық мәндегі күрделі мәселелерге тап болды. Іс жүзінде барлық Орталық Азиялық елдер исламның саясаттануының өткір мәселесімен бетпе-бет келіп, сол кеңес дәуірінен кейінгі кезеңдегі аймақтарда діни экстремизм мен терроризмнің таралу мүмкіндігінің басты алғышарты болды. [7, 137 б]. Осы жағдай туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің "Сындарлы он жыл" деген еңбегінде былай деді: "Ғаламдық карама-қарсылық сейілгеннен кейінгі "идеологиялық вакуум" ахуалында, көптеген мұсылман елдерінде (соның ішінде, бұрынғы КСРО республикаларында) исламды қауырт саясиландыру байқалды. Индустриялы елдердің экономикалық дамуы мен басқа мемлекеттер арасындағы бел алған пропорциялық сәйкессіздік батыстық либерализмнің кердең қадамына жел беріп, бұқара көпшіліктің санасына бүгінгі дүние тіршіліктің әділетсіздігі туралы ұғым ұялатты." [8, 91 б].

Сонымен исламды саясиландыру ықпалында жоғарыда айтылған елдерде діни экстремизмнің әртүрлі формада таралуы көп жағдайда біркелкі белгілер мен ұқсас факторлардың нәтижесінде болып отыр. Орталық Азиялық елдермен бір экономикалық, саяси, әлеуметтік-мәдени кеңістікте тұрған Қазақстанда діни экстремизмнің шығуы мен таралуының кейбір

жақтары орын алуы мүмкін. Н.Ә. Назарбаевтың еңбегінде бұл туралы былай көрсетілген: "Қазірдің өзінде Орталық Азиялық аймаққа халықаралық экстремистік және террористік топтар ықпалының тарай бастауы біздің аймақ үшін де айқын қауіп-қатер болып отыр. Соңғы кездері Орталық Азия республикаларында, осы елдердің саяси тұрақтылығын бұзуға қауіп төндіретін үгіт-насихат тактикасы халықаралық террористік ұйымдар тарапынан мейлінше қарқын алып отырғанын байқамауға болмайды. [8, 92 б].

Исламды саяси мақсатта қолдану ТМД елдерінің біразында әртүрлі формада көрінеді. Мысалы, ислам жалауын автономия құру мақсатында қолдануы - Грузияда Аджария, Молдовада Гагаузия, Ресейде Татарстан, Башқұртстан, Ингушетия, Дағыстан және Шешенстан.

Діни экстремизм мен терроризмнің исламдық бағыттағы Орталық Азия кеңістігінде таралуы мынадай объективті себептерге байланысты болды.

Біріншіден, мұсылмандық дәстүрлерді ұстанушы халықтар өмір сүріп жатқан Орталық Азия елдерінде коммунистік идеология құлағаннан кейін "идеологиялық вакуум" орнықты. Бұл вакуум іс жүзінде ислам идеологиясымен толтырыла бастады, сөйтіп мұсылман қауымы қоғамдық күшке айнала бастады.

Екіншіден, өзіндік мемлекеттілік алған халықтарда бірден ұлттық сана-сезім оянып өсе бастады. Сондықтан бұл елдердің (Тәжікстан, Қырғызстан, Түркменстан, Өзбекстан) басқару режимдері исламдық дәстүрлердің қайта өркендеу процесін жан-жақты қолданып отырды.

Сөйтіп, ислам дін басыларының ықпалының күшейгені соншалық, олар енді саяси билікке ұмтыла бастады.

Үшіншіден, оңтүстікте "темір шымылдықтың" ашылуына байланысты ислам дүниесіне идеологиялық ағымдардың кіруіне мүмкіндік жасалды. Бұл мұсылман елдері өзінің Орталық Азиялық аймағының бай табиғи ресурстарына деген қызығушылығын жасыра отырып, оны "бірыңғай ислам дүниесін" құрамыз деген идеологиялық бүркемелеумен жабуға тырысты.

Төртіншіден, бұл елдерде әлеуметтік-экономикалық қиыншылықтардың болуы, кейбіреуінің экономикалық артта қалуы қарсылық қозғалысының өсуіне әкеп соқты.

Бесіншіден, Орталық Азияның көптеген мұсылман қауымдарында мемлекеттік құқықтық іс жүзінде орындалмайды. Заңсыздық көп жағдайда қоғамдық қатынастардың қалыбы мен атрибутына айналды. Сондықтан мұсылман бұқарасының санасында исламды жақсы деген көзқарас стихиялы түрде қалыптаса бастады. Сөйтіп ол баламалы құқық рөліне айнала бастады.

Алтыншыдан, Орталық Азия мемлекеттерінің бірқатарында исламдық бағыттағы экстремизмнің әртүрлі формаларының таралуының негізгі себептерінің бірі - бұл елдердегі мұсылман бұқарасының мультиэтникалық құрылымының қалыптасуы болды. Коммунистік интернационализм идеологиясы мен соған сәйкес ұлттық саясаттың жойылуынан кейін, көп этникалық мұсылман қауымы маңызды қоғамдық реттеушіден айырылды.

Сондықтан бұл елдерде ислам жалауының астында қоғамның өзін-өзі реттеуші процесі стихиялы түрде тарала бастады.

Терроризммен күрес әлемдік тәжірибеде әр түрлі нысандар мен әдістер арқылы жүргізіледі. Оның өзіндік себептері бар.

Біріншіден, терроризм феномені өзінің табиғаты, қозғаушы күші, мақсаты мен нысандары бойынша көп қырлы болып табылады. Ол әлемнің түрлі елдері мен аймақтарында диверсиялық сипатта байқалады. Сондықтан да осыған қарсы тұратын тиімді шаралар жүйесін жасауға қажеттілік туып отыр.

Екіншіден, терроризм қаупі әр елде әр түрлі қабылданады, терроризмнің өзіндік, тиісті елге тән объекті - нысанасы болады, ал бұл жағдай ұлттық антитеррорлық заңдар мен шараларды бір жүйеге келтіруді қиындатады. Басқаша айтқанда, әр мемлекетте терроризмнің түрлі нысандарда байқалуының өзі оған қарсы күрес жөніндегі жедел іздестіру және заңшығарушылық шараларды барлық мемлекеттер үшін ортақ ұйымдық және құқықтық нормалар кешенін жасауға кедергі келтіреді.

Үшіншіден, әрбір елдің үкіметтері ішкі және сыртқы саясаттарын қалыптастыру және жүзеге асыру барысында өздерінің ұлттық мүдделерін басшылыққа алады. Мемлекеттердің мүдделері әртүрлі болып, бір-біріне сәйкес келмеуі, тіпті қарама-қайшы болуы да мүмкін. Аталған жағдайлардың жекелеген мемлекеттерде антитеррорлық қызметті ұйымдастыру сипатына әсерін тигізетіні белгілі және бұл халықаралық қауымдастықтың осы бағыттағы қызметіне кедергі келтіреді. Мұндай кезде «екі жақты стандарттардың» орын алуы заңдылық болып табылады. [7, 61 б].

Жоғарыда көрсетілген жағдайлар ХХ ғасырдың екінші жартысында шиеленісе түсті. Әлемнің түрлі аймақтарында терроризммен және экстремизммен күрестің нысандары мен әдістері ең алдымен олар қарсы бағытталған объектілерімен тығыз байланысты еді. Мысалы, Таяу Шығыста террористік топтардың саяси топ жетекшілеріне қастандық жасауы кеңінен таралды. Мұндай сипаттағы террористік актілердің классикалық мысалына 1981 жылы 6-қазанда Каир маңында әскери парад кезінде Египет Президенті А. Садаттың өміріне жасалған қастандықты айтуға болады.

Ел Президентінің өлтірілуіне жауап ретінде Египетте А. Садат жүргізген ішкі және сыртқы саясатқа кедергі жасауды көздеген исламшыл радикалдық топтарға қарсы кең көлемдегі полицейлік операция басталды. Нәтижесінде бұл іс бойынша ұзақ айларға созылған сол қастандықтың тікелей қатысушыларын өлім жазасына кесумен аяқталды. Кейін анықталғандай олардың барлығы "Аль-Джихад" ұйымының мүшелері болып шықты.

Осы сипаттағы террористік акцияларға жауап ретінде жүргізілетін антитеррорлық операцияларға әдетте құқық қорғау органдары ғана емес, әскерилер де қатысады.

Алжирдегі террористік әрекеттер ең басынан саяси тұрпат алып, діни ұрандармен бүркемеленген болатын. Негізінен, Алжирде терроризмнің басты тірегі- зайырлы режимді құлатып, Ислам мемлекетін құруды көздейтін

көптеген жергілікті исламшыл топтар. Алжирлік террористер террордың жарылыс жасау, қарулы шабуыл, кісі өлтіру, адам ұрлау, кепілдікке алу сияқты әдістерін қолданды.

Бұл елде жүргізілетін антитеррорлық шаралар сипаты жағынан арнаулы мақсаттағы әскери бөлімдер мен полиция қатысуымен іске асырылатын кең көлемді жауынгерлік операцияларды еске түсіреді. Жергілікті жердегі азаматтың өкімет органдары төтенше жағдай туралы заңға сәйкес "террористерге қарсы операция" барысында өз өкілеттіктерін әскерилерге береді. Сонымен бірге терроризм туралы барлық істер "мемлекет қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар" санатында әскери трибуналдардың қарауына өтеді. Әдетте осындай қатаң жазалау шаралары қарулы қақтығыстардың төмендеуі түрінде нәтиже береді.

Алжирдегі терроризм мен экстремизмге қарсы күрес, мысалы; нақты түрде бір маңызды жағдайға назар аудартады. Елдегі саяси діни оппозицияның әлеуметтік базасының сақталуының себебі болып отырған экономикалық мәселелердің шешілмегендігі, қақтығысушы тараптардың келісімге келу жөніндегі саяси еркіннің болмауы жағдайында ешқандай қатаң жазалау шаралары, тіпті қарсыластарға берілген "өмір сүру құқығы" тәрізді жекелеген кепілдіктермен үйлестіре жүргізілуі де қандай да болсын бір мемлекеттегі ішкі саяси жағдайды өзгерте алмайды.

Осыған ұқсас жағдай құқық қорғау күштері исламшыл ұрандарды жамылған қарулы экстремистердің нысанасына айналған Египетте де байқалған болатын. Полицияның жауап әрекеттері ерекше қаталдықпен ерекшеленген еді. Елде терактілер туралы істерді қарап, олардың орындаушыларына қатысты өлім жазасына дейін ең қатаң үкімдерді шығаратын әскери трибуналдар белсенді түрде жұмыс істеді.

Таяу Шығыс елдерінде шетел азаматтарын кепілдікке алу тәжірибесі көбінесе азамат соғысы жүріп жатқан Ливанда кеңінен қолданылды. Әскери-саяси топтар шетелдік кепілге алынғандарды құл түрінде қаржы құралдарын алу үшін "тірі тауар" немесе саяси талаптарды қою, оның ішінде бұрын тұтқындалған пікірлестерін босату үшін пайдаланды.

Терроризмді құқықтық реттеу ерекшеліктерін қарау кезінде туындайтын бірінші сұрақ - ол терроризмге заң жүзінде бекітілген анықтама беру, өйткені мұндай жағдайда қарастырылып отырған тақырып үшін шешуге маңызы бар мәселе теория саласынан тәжірибе жүзінде қолдануға өтеді. Терроризм ұғымын белгілеу терроризм және онымен күреске қатысты қоғамдық қатынастар шеңберін анықтауға, бұл қатынастарды реттеу механизмдерін дайындауға мүмкіндік береді.

Қылмыстық кодекс терроризмге қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстардың бір тобын жатқызады, яғни оған адамдардың қаза болуы, елеулі мүлктік зиян келтіруі не қоғамдық қауіпті басқа зардаптардың болу қаупін төндіретін жарылыс жасау, өрт қою немесе өзге де іс-әрекеттер жасау, егер осы іс-әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты қорғау не мемлекеттік органдардың шешім қабылдауына ықпал ету мақсатында жасалса, сондай-ақ аталған іс-әрекеттерді дәл сол мақсаттарда жасаймын деп

корқыту жатады. Ал тар мағынасында мемлекеттік не қоғамдық қызметті тоқтату мақсатында мемлекеттік немесе қоғамдық қайраткердің өміріне қастандық жасау деп түсіндірілетін террористік акт мемлекеттің қауіпсіздігі мен конституциялық құрылысына қарсы қылмыстар қатарына жатқызылған. Терроризмнің анықтамасы Ресейдің «Терроризмге қарсы күрес туралы» Заңында толық берілген. [3, 42 б].

Терроризм қылмысы ХХІ ғасырдағы адамзаттың негізгі проблемасына айнала бастады. Халықаралық құқық және барлық елдердің заңдары терроризмнің қимылын, атап айтқанда, адамдар ұрлау, өлтіру, ұшақтарды немесе көліктерді айдап әкету, адамдарды кепілдікке ұстап ақша талап ету, жарылыс пен өрттер жасау, тағы басқа да қоғамға және мемлекетке қауіпті деп жариялады. 2002 жылы БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі өзінің №1373 қарарымен Кеңестің терроризммен күрес жөніндегі комитет құрып, Қауіпсіздік Кеңесінің шешіміне сай БҰҰ -на мүше елдер терроризм әрекеттерінің бәрін де қылмыстық іс деп санауы тиіс. Террористер мен оларды қолданушылардың қаржылық құралдары мен активтерін тоқтатып, оны оларға беруге тыйым салады.

Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы 2002 жылы 18 сәуірде «Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы» Шанхай Конвенциясын жариялады. Осыған орай Қазақстан Республикасында 1999 жылы «Терроризмге қарсы күрес туралы» Заң, «Терроризм мен экстремизм көріністерін алдын-алу және тыю жөніндегі шаралар туралы» Президент жарлығы жарияланды. Қазақстан терроризмге бірлесіп әрекет ету мақсатында 12 мемлекетпен келісім жасасты.

Қазіргі кездегі терроризмнің өзінің инфрақұрылымы бар, сондықтан онымен күресу жүйелі, әртүрлі бағытта жүргізілуі тиіс. Терроризмді жеңу үшін ең алдымен оның әлеуметтік - саяси және экономикалық контекстін жою керек.

#### **Әдебиеттер:**

1. Лекарев С. Разведка мирового сообщества Независимое военное обозрение. 37.2001.
2. Рихтер Э. Почему пропаганда открытого общества должна стать частью антитеррористической политики в Средней Азии? Институт «Открытое общество», Нью-Йорк. 2001
3. Миникес С. Выступление в Постоянном совете ОБСЕ в Вене 20.12.2001.
4. Ожегов С.И. Словарь русского языка. М.1986.
5. Словарь иностранных слов. М.1989.
6. Военный энциклопедический словарь. М.1983.
7. Современный терроризм: взгляд из Центральной Азии. Алматы. 2002.
8. Н.Ә. Назарбаев. Сындрлы он жыл. Алматы.2003.
9. РФ-ның «Терроризммен күрес туралы» Заңы. 1998. 25 шілде.
10. А. Ағыбаев Қылмыстық құқық. Алматы. Ерекше бөлім. Жеті жарғы 1999ж.